

## Түпқараған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 2016 жылғы 08 шілдедегі № 4/30 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 тамызда № 3127 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 04 қарашадағы 2021 жылғы № 8/46 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 04.11.2021 № 8/46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10030 болып тіркелген) сәйкес, Түпқараған аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе- жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 29.11.2016 № 7/55 шешімімен(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Түпқараған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Түпқараған аудандық мәслихаты аппаратының басшысы (А.Ізбен) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Түпқараған аудандық мәслихатының бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (комиссия төрағасы Қ.Озғамбаев) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,*

*аудандық мәслихат хатшысы*

*А.Досанова*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Түпқараған аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

Ж.Қайнарбаев

8 шілде 2016 жыл

Түпқараған аудандық мәслихатының  
2016 жылғы 8 шілдедегі  
№ 4/30 шешіміне  
ҚОСЫМША

### **Түпқараған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 23.07.2019 № 32/255(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жинақталуының орташа жылдық нормасы, м <sup>3</sup>
1	Жайлы үй және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,68
2	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	2,34
3	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,26
4	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,82
5	Емханалар	1 келіп кету	0,15
6	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	2,12
7	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,15
8	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,71
9	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,017

10	Стадиондар, спорт алаңдары	Ж о б а бойынша 1 орын	0,07
11	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,05
12	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м2	0,655
13	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,88
14	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,09
15	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,275
16	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1,23
17	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,55
18	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,905

Аббревиатуралардың ажыратылып жазылуы:

АЖС- автокөлікке жанармай құю станциясы;

м<sup>2</sup> - шаршы метр;

м<sup>3</sup> - текше метр.